

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 23 желтоқсандағы № 1125 Жарлығы

Қ а у л ы е т е м і н :

1. «Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2010 ж., № 24, 173-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде өз актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н. Назарбаев

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 0 ж ы л ғ ы 2 3 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 1125 Жарлығына қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 0 ж ы л ғ ы 1 9 н а у р ы з д а ғ ы

№ 9 5 4 Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі

1. Жалпы ережелер

1. Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалаудың осы жүйесі (бұдан әрі – Жүйе) орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – бағаланушы мемлекеттік органдар) қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында әзірленді.

2. Жүйе бағалауға жататын мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалаудың негізгі ережелерін, принциптерін, бағыттарын белгілейді, органдар жүйесін және жүргізу, анықтау және оларға шағымдау тәртібін айқындайды (бұдан әрі – тиімділікті бағалау).

3. Мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін бағалаудың мақсаты оларға жүктелген міндеттер мен функциялардың іске асырылу тиімділігін айқындау болып табылады.

4. Тиімдікті бағалау үшін ақпарат көздері болып табылатындар:

1) мемлекеттік органдардың есепті кезеңде жүргізген қызметі туралы есебі;

2) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі және бағалау жүргізуге уәкілетті органдар жүргізген тексерулер нәтижелері;

3) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің актілері мен тапсырмаларының орындалуын бақылау нәтижелері;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесі Басшысының актілері мен тапсырмаларының орындалуын Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесі бақылауының нәтижелері;

5) мемлекеттік органдардың бақылау актілері;

6) ресми статистикалық мәліметтер;

7) тәуелсіз сарапшылар қорытындылары;

8) тиімділікті бағалаудың белгілі бір бағыты бойынша әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері;

9) тиімділікті жалпы бағалауды дайындау барысындағы үкіметтік емес ұйымдардың (қоғамдық бірлестіктердің) ақпараты.

5. Тиімділікті бағалауды осы Жүйенің 10-тармағында айқындалған бағалау жүргізуге уәкілетті мемлекеттік органдар (бұдан әрі – бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдар) жүргізеді.

6. Тиімділікті бағалау жыл сайын бағалау жүргізу кестесіне сәйкес есепті (күнтізбелік) жылдың қорытындылары бойынша жүзеге асырылады.

7. Тиімділікті бағалау жүргізу кестесі:

1) Бағаланушы мемлекеттік органдардың тиісті бағыттар бойынша бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдарға есепті жылдың қорытындылары бойынша есепті ақпаратын;

2) бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдардың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға (бұдан әрі – мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган) бағалаудың нәтижелері туралы қорытындысын;

3) мемлекеттік жоспарлау бойынша уәкілетті органның Сараптамалық комиссияға бағыттар бойынша жалпы бағалау нәтижелері туралы қорытындысын;

4) Сараптамалық комиссияның Қазақстан Республикасының Президентіне тиімділікті бағалау нәтижелерін ұсыну мерзімдерін қамтиды.

8. Тиімділікті бағалау жүргізу кестесін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган әзірлейді және Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі бекітеді.

2. Тиімділікті бағалау қағидағтары

9. Тиімділікті бағалау қағидағтары:

1) заңдылық қағидаты – тиімділікті бағалауды Қазақстан Республикасының заңнамасына қатаң сәйкестікте жүргізу;

2) әділдік қағидаты – жан-жақты және толық тәуелсіз бағалау жүргізу, мүдделер қ а қ т ы ғ ы с ы н б о л д ы р м а у ;

3) дәйектілік қағидаты – тиімділікті бағалаудың нәтижелерін тиісті құжаттармен р а с т а у ;

4) ашықтық қағидаты – ақпарат көздерінің шығу тарихын тексеру мүмкіндігі;

5) жариялылық қағидаты – құпиялылық режимін және қызметтік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғауды қамтамасыз етуді ескере отырып, тиімділікті бағалаудың нәтижелерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау болып табылады.

3. Тиімділікті бағалау органдарының жүйесі

10. Тиімділікті бағалау органдарының жүйесін бағалауға уәкілетті мынадай мемлекеттік о р г а н д а р :

1) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі;

2) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі;

3) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган;

4) мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган;

5) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган (бұдан әрі - бюджетті атқару ж ө н і н д е г і у ә к і л е т т і о р г а н) ;

6) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган құрайды.

11. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган осы Жүйенің 16-тармағында көрсетілген бағыттарға сәйкес бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдар беретін қорытындылар негізінде бағаланушы мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін жалпы бағалауды жүзеге асырады.

12. Бағыттар бойынша тиімділікті жалпы бағалау нәтижелері туралы сараптамалық

қорытынды қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының шешімімен Президент Әкімшілігі мен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің лауазымды тұлғалары қатарынан Сараптама комиссиясы құрылады. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы сонымен қатар Сараптама комиссиясының жұмыс органын айқындайды.

13. Сараптама комиссиясы өз қызметінде Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының бұйрығымен бекітілетін Ережені басшылыққа алады.

14. Президент Әкімшілігін және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесін қоспағанда, бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметін әдіснамалық үйлестіруді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

15. Өздеріне қатысты тиімділікті бағалау жүргізілетін орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдарды Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды.

4. Тиімділікті бағалау бағыттары

16. Тиімділікті бағалау бағаланушы мемлекеттік органдар қызметінің мынадай бағыттары бойынша жүзеге асырылады:

1) қадағаланатын аяда/салада/өңірде стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің актілері мен тапсырмаларын орындау;

3) бюджет қаражатын басқару;

4) мемлекеттік қызметтер көрсету;

5) персоналды басқару;

6) ақпараттық технологияларды қолдану.

17. Осы Жүйенің 16-тармағында көрсетілген қызметтің әрбір бағыты бойынша бағалауға уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар оларда мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау өлшемдері мен көрсеткіштері айқындалатын Сараптама комиссиясымен келісілген тиісті әдістемелерді әзірлейді және бекітеді.

18. Мынадай ережелер тиімділік өлшемдері мен көрсеткіштеріне қойылатын міндетті талаптар болып табылады:

1) өлшемдер мен көрсеткіштер ресми статистикалық деректерге, мемлекеттік органдардың деректері мен басқа да ресми ақпаратқа негізделуі тиіс;

2) шығыс ақпаратты жинақтау және өңдеу тәсілі алынған деректердің дәлдігін тексеру мүмкіндігіне жол беруі тиіс;

3) көрсеткішті айқындау оны бағалайтын да, сондай-ақ бағаланатын мемлекеттік органның да, бір мәнді түсінуін қамтамасыз етуі тиіс;

4) қажетті деректерді алу мүмкіндігінше аз уақыт және ресурстар шығындарымен жүргізілуі тиіс;

5) өлшемдер мен көрсеткіштер деректерді үздіксіз жинақтау қажеттілігін және жеке кезеңдер үшін олардың салыстырмалығын қамтамасыз ету қажеттілігін ескере отырып айқындаған жөн;

6) өлшемдер мен көрсеткіштер мемлекеттік органның барлық қызметін қамтуы және барлық мемлекеттік функциялардың сапалы орындалуына бағытталуы тиіс.

19. Тиімділіктің өлшемдері мен көрсеткіштері ретінде халықаралық тәжірибеде қолданылатын өлшемдер мен көрсеткіштер пайдаланылуы мүмкін.

20. Өлшемдер мен көрсеткіштер нақты мемлекеттік органның тікелей қызметін көрсетуі тиіс.

4.1. Қадағаланатын саладағы/аядағы/өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалау

21. Осы аталған бағыт бойынша бағалау бағаланатын мемлекеттік органдардың қадағаланатын саладағы/аядағы/өңірдегі тиімділігін айқындау мақсатында жүргізіледі.

22. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін орталық атқарушы органдарды және жергілікті атқарушы органдарды, осы бағыт бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бағалайды.

23. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның осы бағыт бойынша тиімділігін бағалауды Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі жүзеге асырады.

24. Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін орталық мемлекеттік органдарды осы бағыт бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі бағалайды.

25. Қадағаланатын саладағы/аядағы/өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалау жөніндегі әдістемені әзірлеуді және бекітуді және оны әдіснамалық сүйемелдеуді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

4.2. Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің,

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің актілері мен тапсырмаларын орындау сапасын бағалау

26. Осы бағыт бойынша бағалау Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің актілері мен тапсырмаларының сапасын, толықтығы мен орындалу уақтылығын айқындау мақсатында жүргізіледі.

27. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің актілері мен тапсырмаларын орындау сапасын бағалауды Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі жүзеге асырады.

28. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің актілері мен тапсырмаларын орындау сапасын бағалауды Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі жүзеге асырады.

29. Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің актілері мен тапсырмаларын орындау сапасын бағалау әдістемесін әзірлеуді және бекітуді және оны әдіснамалық сүйемелдеуді Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесімен бірлесе отырып жүзеге асырады.

4.3. Бюджет қаражатын басқару тиімділігін бағалау

30. Осы аталған бағыт бойынша бағалау бюджет қаражатын пайдаланудың нәтижелілігі мен тиімділігін қамтамасыз ету шараларының тиімділігін айқындау мақсатында жүзеге асырылады.

31. Осы бағыт бойынша тиімділікті бағалауды бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

32. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органды осы бағыт бойынша Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі бағалайды.

33. Бюджет қаражатын басқару тиімділігін бағалау әдістемесін әзірлеу мен бекітуді және оны әдіснамалық сүйемелдеуді бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

4.4. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау

34. Осы бағыт бойынша бағалау жеке және заңды тұлғаларды қолжетімді және сапалы мемлекеттік қызметтермен қамтамасыз ету шараларының тиімділігін айқындау мақсатында жүзеге асырылады.

35. Осы бағыт бойынша тиімділікті бағалауды мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

36. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органды осы бағыт бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі бағалайды.

37. Электрондық форматта мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалауды ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

38. Ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік қызметтерді электрондық форматта көрсетуін бағалауды Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі жүзеге асырады.

39. Электрондық форматта мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау нәтижелері туралы қорытынды мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға енгізіледі.

40. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау әдістемесін әзірлеу мен бекітуді және оны әдіснамалық сүйемелдеуді мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп жүзеге асырады.

41. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалауды жүзеге асыру мақсатында қосымша әлеуметтік зерттеулер жүргізілуі мүмкін.

4.5. Персоналды басқару тиімділігін бағалау

42. Осы бағыт бойынша бағалау мемлекеттік органда персоналды басқару шараларының тиімділігін айқындау мақсатында жүргізіледі.

43. Осы бағыт бойынша тиімділікті бағалауды мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

44. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органды осы бағыт бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі бағалайды.

45. Персоналды басқаруды бағалау әдістемесін әзірлеу мен бекітуді және оны әдіснамалық сүйемелдеуді мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

4.6. Ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау

46. Осы бағыт бойынша бағалау үрдістерді оңтайландыру және мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын арттыру үшін мемлекеттік органдардың ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін айқындау мақсатында жүргізіледі.

47. Осы бағыт бойынша тиімділікті бағалауды ақпараттандыру саласындағы

уәкілетті орган жүзеге асырады.

48. Ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органды осы бағыт бойынша Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі бағалайды.

49. Ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау әдістемесін әзірлеу мен бекітуді және оны әдіснамалық сүйемелдеуді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

5. Бағаланатын мемлекеттік органдардың тиімділігіне бағалау жүргізу тәртібі

50. Бағаланатын мемлекеттік органдар жыл сайын бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдарға бағалау жүргізу кестесіне сәйкес өткен жылдың қорытындылары бойынша есептік ақпарат тапсырады.

51. Бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдар бағаланатын мемлекеттік органдардың есептік ақпараттарындағы деректерді қайта тексеру бойынша кешенді ұйымдастыру шараларын қабылдауға міндетті.

52. Бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдар тиімділікті бағалаған кезде есепті кезеңдегі басқа да бақылау органдарының тексеру нәтижелерін есепке алады.

53. Бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдар бағаланатын және басқа да мемлекеттік органдардан қажетті құжаттарды және қызмет бағыты бойынша тиімділікті бағалауға қатысты мәселелер бойынша ақпараттарды, қызметтік немесе басқа да заңмен қорғалатын құпияларды құпиялық тәртібін сақтай отырып өздері белгілеген тәртіп бойынша сұратуға және алуға құқылы.

54. Бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдар бағалау үрдісінде алынған мәліметтердің сақталуына және құпиялығына жауап береді.

55. Бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдар бағалау жүргізу кестесіне сәйкес мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға тиісті бағыттар бойынша қорытындыларын ұсынады.

56. Қызмет бағыттары бойынша тиімділікті бағалау нәтижелері туралы қорытындылар бағалау туралы қорытынды есептен, бағаланатын мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру бойынша тұжырымдары мен ұсыныстарынан тұруы тиіс.

57. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін жалпы бағалауды қалыптастыру кезінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіпте коммерциялық емес негізде үкіметтік емес ұйымдарды (қоғамдық бірлестіктерді) және тәуелсіз сарапшыларды тартуға құқылы.

58. Бағалау жүргізу кестесіне сәйкес мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бағыттары бойынша тиімділікті жалпы бағалау нәтижелерін бағаланатын

мемлекеттік органдарды бір мезгілде ақпараттандыра отырып Сараптамалық комиссияға енгізеді.

59. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган мен Сараптамалық комиссияға ұсынылатын бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдар қорытындыларының форматтарын Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

60. Сараптамалық комиссия мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның қорытындысы негізінде тиімділікті жалпы бағалаудың нәтижелері Қазақстан Республикасының Президентіне енгізіледі.

61. Жалпы бағалаудың нәтижелері мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстарымен мемлекеттік органдардың басшыларына тиісті шаралар қолдануы үшін жіберіледі.

62. Бағалау қорытындылары бойынша нәтижелерді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бұқаралық ақпарат құралдарында құпиялылық режимін және қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғауды қамтамасыз етуді ескере отырып жариялайды.

6. Бағалау нәтижелеріне шағымдану тәртібі

63. Бағаланушы мемлекеттік орган тиімділікті бағалау нәтижелерін алған кезден бастап жүргізілген бағалау нәтижелерімен келіспеген жағдайда бес жұмыс күні ішінде сараптау комиссиясының жұмыс органына дәлелдеуші құжаттармен бірге шағымдану негіздемелерін ұсынады.

64. Сараптау комиссиясының жұмыс органы шағымдану негіздемелері келіп түскен жағдайда бес жұмыс күні ішінде бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдарға қайта тексеруге жібереді.

65. Дәлелдеуші құжаттары жоқ шағымдар келіп түскен жағдайда сараптау комиссиясының жұмыс органы оларды ақпарат ретінде бағалауға уәкілетті мемлекеттік органға жібереді. Бағаланушы мемлекеттік органдарға қайта тексерудің орынсыз екендігі жөнінде жауап жолдайды.

66. Бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдарда нәтижелерді қайта тексеру үшін бағалаудың объективтілігі мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында құрамына мемлекеттік органдарды бағалауға қатысқан қызметкерлер кіруге болмайтын арнайы комиссиялар қалыптастырылады.

67. Бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдар 30 күнтізбелік күн ішінде қайта тексеру нәтижелері бойынша шағымдарды қабылдау немесе қабылдамау туралы негізделген қорытындыларын Сараптама комиссиясының жұмыс органына және бағалауға жататын мемлекеттік органдарға жібереді.

68. Бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдар шағымдарды қабылдаған жағдайда

тиімділікті бағалау нәтижелері туралы қорытындыларға тиісті түзетулер енгізеді.

69. Сараптау комиссиясының жұмыс органы бағалаудың жеке нәтижелеріне егер бағалау барысында бағалаудың соңғы нәтижесіне әсер еткен бұзушылықтар айқындалған жағдайда уәкілетті мемлекеттік органдар мамандарын тарта отырып қайта тексеру жүргізуге өз бетімен бастамашылық етуге құқылы.

7. Бағалауға қатысушылардың жауаптылығы

70. Осы Жарлық ережелерінің уақтылы және сапалы орындалуына саяси мемлекеттік қызметшілер дербес жауап береді.

71. Бағалануға жататын мемлекеттік органдардың саяси мемлекеттік қызметшілері есепті кезеңге берілетін есептердің және олардың қызметін регламенттейтін құжаттардың дұрыстығына, толықтығына және уақытында берілуіне дербес жауап б е р е д і .

72. Тиімділікке бағалау жүргізуге жауапты мемлекеттік жоспарлау жөніндегі, мемлекеттік қызмет істері жөніндегі, бюджеттің атқарылуы жөніндегі, ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органдардың саяси мемлекеттік қызметшілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары тиімділікті бағалау нәтижелерінің бекітілген әдістемелерге сәйкес келуіне дербес жауап береді.

73. Бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдар бағалау жүргізу барысында алынған мәліметтерді жария еткені үшін олардың саяси мемлекеттік қызметшілері дербес жауап б е р е д і .

74. Осы Жарлықтың бұзылуы айқындалған жағдайда Сараптау комиссиясының жұмыс органының тиісті лауазымды тұлғалардың жауаптылығы туралы ұсыныс енгізу құқығы бар.